Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 06.05.-10.05. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Жұма |
|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Боямақ:** «Бақтар гүлдегенде»<br>**Шарты:** Балалар дайын суреттерді бояйды. Сурет бойынша әңгімелейді. | **Д.О.** «Болады, болмайды»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды кітапты ұқыпты, таза ұстауға үйрету, кітапқа деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:**<br>-Кітапты жыртуға...... .<br>-Кітапты сызуға..... .<br>-Кітапты лақтыруға..... .<br>-Менің кітаптарым.... .<br>-Мен кітаптарымды.... .<br>-Мен досыма ертегі кітап..... .<br>-Маған анам кітап дүкенінен ертегі кітап..... |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Мамыр айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы таң ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!,<br>Қайырлы таң, достарым! | **Шаттық шеңбері.**<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң балалар |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша |

сөйлем құрастыру.
**Д.О.** «Сөйлеуді дамытамыз»
**Шарты:** Сурет бойынша сөйлем құрастыру.







**Қимылды ойын:** «Кім нені жақсы көреді?»
**Шарты:** Балалар орындықтарында отырады. Кім нені жақсы көреді сол бала орнынан тұрады.
**Мысалы:**
-Кім балмұздақты жақсы көреді?
-Кім ертегі тыңдағанды жақсы көреді?
-Кім ән айтқанды жақсы көреді?
-Кім би билегенді жақсы көреді?

және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**
**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.
Суретті бояу.
Сурет бойынша әңгімелеу.
**«Кел жазайық»**
Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.
**№2 жұмыс дәптері.**
**1.**Дыбыстық талдау жаса.
**2.**Суреттерді штрихта.
**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.
**Сергіту сәтін өткізу.**
**Д.О.** «Бағдаршам»
**Шарты:** Балалар бағдаршамның бір түсін таңдап алады да, сол түстегі тапсырманы орындайды.
**Қызыл түс**-берілген сөздерге дыбыстық талдау жаса.
**Жасыл түс**-сурет бойынша сөйлем құрастыр.
**Сары түс**-берілген дыбыспен сөздерді ата, педагог кез-келген дыбысты айтады, балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.
**Д.О.** «Сөйлем құра»
**Шарты:** Балаларға екі заттың суретін көрсету арқылы сөйлем құрату.
**Мысалы:** Тиін мен жаңғақ.
Тиін жаңғақты көрді.
Тиін ағаштағы жаңғақты көрді.
Тиін бұтақтан бұтаққа секіріп жүріп жаңғақты көрді.
Тиін ағаштағы жаңғақтарды тез жинап алғысы келді.

**2.Математика.**
**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.
**№2 жұмыс дәптері.**
(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).
**Д.О.** «Барлығы қанша?»
**Шарты:** Балалар суреттегі заттарды санайды, санын айтады.
**Д.О.** «Адасқан цифрлар»
**Шарты:** Педагог 2 4 6 7 3 5 цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды.
**ДО.** «Біреу-көп»
**Шарты:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.

-Кім сурет салғанды жақсы көреді?
-Кім жаңбыр жауғанды жақсы көреді?
-Кім шахмат ойнағанды жақсы көреді?
**№2 жұмыс дәптері.**
**1.**Дыбыстық талдау жаса.
**2.**Суреттерді штрихта.
**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.
**Сергіту сәтін өткізу.**
«Жунглидегі жаңбыр»

2.**Математика.**
**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.
**№2 жұмыс дәптері.**
(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).
**Еркін ойын:** «Ғажайып таяқшалар»
**Шарты:** Санау таяқшаларын пайдаланып, суреттегі заттарды құрастыру. Қанша санау таяқшасын пайдаландың? Сана да, санын айт.




**Д.О.** «Кім бірінші атайды?»
**Шарты:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, санын, пішінін, түсін айтады.
**Мысалы:** 5 қызыл түсті алма, 7 жасыл түсті жапырақ, 3 көк түсті шар, 2 қоңыр түсті қарындаш.
**Қимылды ойын:** «Көрші-көрші»
**Шарты:** Педагог бір санды айтады.
Мысалы: «Бес» дейді.

**Д.О.** «Шатасқан суретші»
**Шарты:** Суретшінің қатесін табу керек. Телефондағы нөмерлер дұрыс орналаспаған және кейбір сандар қалып қойған, сондықтан сандар топтамасын дұрыс ретпен орналастырып, қалып қойған сандарды табайық.

**3.Мүсіндеу.**
**Міндеттері:** Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»
**Шарты:** Балалар суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтады. Балалар өздеріне ұнаған затты ермексаздан мүсіндейді.
Көрме ұйымдастыру.

**4.Денешынықтыру.**
Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртілу. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.
**Д.О.** «Пайдалы кеңестер»
**Шарты:** Пайдалы кеңестер туралы айтады.
.Спортпен айналысу.
.Жуыну. тазалық сақтау.
.Дұрыс тамақтану.
.Таза ауада дем алу.
**«Жағымсыз әдеттер»**
.Қарандашты аузыңа салма!
.Саусағыңды сорма!
.Шашыңды тартпа! т.б.
**Д.О.** «Жақсы-жаман»
**Шарты:** Педагог балаларға допты лақтырып, «тісті тазалау», «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар «жақсы» немесе «жаман» деп баға беріп, допты педагогке қайтарады.
**Еркін ойын:** «Ең таза қол»
**Шарты:** Байқау өткізу. Балалар қолдарын сабындап жуады. Қолын тап-таза болған бала жеңіске жетеді.
**Есте сақта!**
Микроб, вирус, бактериялар-судан, сабыннан қорқады. Егер біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек, деніміз сау болып, ауырмай жүреміз. Микроб, вирус, бактериялар шынығудан қорқады.

| | | |
|---|---|---|
| | Қолында 5 саны бар бала, бір қадам ілгері шығып, балалардың алдында тұрады.<br>Педагог тағы да: «Бұл санның көршілері қатарына тұрыңдар!»- дейді. Оның қатарына 4 және 6 деген карточкалар тұрып, 4 5 6 сандарын құрайды.<br>Ойын осылай жалғасады.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>-Аспанымыз ашық болсын!<br>-Еліміз тыныш болсын!<br>-Бейбітшілік болсын!<br>**Ән айту:** «Жеңіс күнін тойлаймыз»<br>Ж.Тезекбаев.<br>**Педагог:** 9 мамыр-Жеңіс күні. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батыр ағаларымыз бен апаларымыз бар. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегелдинов, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова. Еліміз өз батырларын ешқашанда ұмытпайды. Батырлар ескерткіштеріне әрқашан гүл шоқтарын қояды.<br>**Еске алу:** 1 минут үнсіздік.<br>Қайрат Жұмағалиевтың **«Жеңіс күні»** өлеңін жаттау.<br><br>Ойлап тұрдым көп,<br>Сауал бердім білгім кеп:<br>-Қуанышты мереке-<br>Жеңіс күні қай күн?-деп.<br>Бейбіт күннің бәрі де-<br>Жеңіс күні, шырағым!<br><br>-«Жеңіс күні» деп неліктен айтамыз?<br>-Соғысқа қатысқан батырларды ата.<br>-Соғысқа қатысқан ардагерлерге қандай көмек көрсету керек?<br>-«Бейбітшілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>**Мақал-мәтелдер**<br>.Ер есімі-ел есінде.<br>.Елдің даңқын ер шығарады.<br>.Ел үмітін ер ақтар,<br>Ер атағын ел сақтар.<br>.Ерлік білекте емес, жүректе.<br>**Бірге жаттайық.** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ерлік мәңгі есте.**<br>Әлия, Мәншүк анамыз,<br>Бауыржандай атамыз,<br>Фашистерден Отанды<br>Қорғап батыр атанды.<br>Біз еліктеп өсеміз,<br>Батырларың десе кім:<br>-Әлия, Мәншүк анамыз,<br>Бауыржан-біздің атамыз.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**Шығармашылық үзіліс:** Жеңіс күніне арнап ашық хат дайындау.<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**Ой қозғау:**<br>-Мәдениетті тамақтану дегеніміз не?<br>-Тамақтанар кезінде дастархан басында қалай отырасыңдар?<br>-Тамақты қалай ішіп-жеу керек?<br>-Ауырмау үшін не істеу керек?<br>-Пайдалы тағамдарды не үшін жеу керек?<br>-Қандай пайдалы тағамдарды білесіңдер?<br>-Қандай тағамдарды «зиянды»-деп атаймыз?<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Педагог тақтаға бірнеше тағам түрлерінің суреттерін іледі. Суретке қара. Суреттегі тағамдар пайдалы ма, зиянды ма? Пайдалы тағамдарды көрсет және оларды ата. Денің сау болу үшін қандай тағамдарды ішіп-жеу керектігін айтып бер.<br>**Зиянды тағамдар:** чипсы, бургер, картошка-фри, газды сусын кока-кола.<br>**Пайдалы тағамдар:** ет, сүт өнімдері, балық, жұмыртқа, ботқалар, көкөністер мен жемістер.<br><br>**-Бәріміз бірге отырып дұрыс тамақтану ережесін құрайық:**<br>.Ас ішер алдында қолыңды жу;<br>.Астың мөлшерін сақтау;<br>.Тамақтанудың тәртібін сақтау;<br>.Тамақты уақытымен ішу;<br>.Тәтті тағамды мөлшерден тыс көп жемеу;<br>.Майлы тағамдарды көп пайдаланбау;<br>Тым ащы және тұзды тағамдардан сақтану керек.<br><br>**Қорытынды:**<br>Ауырмау үшін жеке гигиенаны сақтап, спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтану керек. Денсаулықтың жақсы болуы үшін пайдалы | |

| | | |
|---|---|---|
| | тағамдарды, көкөністер мен жемістерді жеу керек. Дұрыс тамақтану ағзаны нығайтады, аурумен күресуге көмектеседі.<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>-Отбасыңа арнап бір күндік ас мәзірінің суретін сал.<br>-Өзіңнің түскі ас мәзірің қандай?<br>-Өзіңе арнап бір күнге ас мәзірін жаса. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | |
| **Серуендеу** | № 18 Бақбақ гүлін бақылау. | № 10 Топырақты бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Қолға қалам аламыз,**<br>**Әдемі етіп жазамыз.**<br>(қолын жазуға жаттықтыру).<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру | **1.Көркем әдебиет.**<br>Тақпақтар жаттау.<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-анамен сөйлесу. Алдағы мереке күндерін жақсы өткізуін айту. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге ойнаңыздар» |

Бекітемін:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі**

Топ _0 «А»_ Балалардың жасы _5 жас_ **Жоспардың құрылу кезеңі:** 10-12 мамыр 2023 – 2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі. | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Д.О.** «Жасырынған кім?»     (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | **Д.О.** «Ертегі кейіпкерін ата»  (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | **Боямақ.** «Көңілді жәндіктер»   (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Мамыр айына таңертеңгі жаттығу кешені. №4 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Д.О.** «Денсаулық құпиялары»<br>**Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін! | **Ән айту:** «Біз-Отанның бөбегі»<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Шығармашылық сәт.**<br>«Қыдырымпаз мысық»<br>«Адам итпен және мысықпен қалай достасты?» ертегісінің желісімен, ермексазбен жұмыс істеу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Есік кенет ашылып,<br>Ішке кірді жұмбақ аң. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | | Пеш түбінде тосып,<br>Отыр көзін қысып.<br>Абай бол, тышқан пысық.<br>Аңға шықты... .<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>.Мысығығыңның түсі қандай болатынын анықта.<br>.Ермексаздан мүсінде.<br>.Мысық туралы әңгіме құрастыр.<br>.Оны әңгімелеп бер.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі** | **1.**Сауат ашу негіздері.<br>**2.**Математика.<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Денешынықтыру. | **1.**Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған орта.<br>**3.**Қазақ тілі.<br>**4.**Музыка. | **1.**Сауат ашу нагіздері.<br>**2.**Математика.<br>**3.**Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу/Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Ойыншықтарды заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бәрі бірге қосылып айтады.<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз,<br>Ойыншықты жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.<br>**Педагог:**<br>-Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>-Қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер?<br>-Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>-Ойыншықтар неден жасалды?<br>**Музыка тыңдау:** «Ойыншық» Ғ.Жұбанова. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Ойыншықтар.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру.<br>***Кел жазайық!***<br>**Шарты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды сызу.<br> |

үйрету.
**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.
**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»
**Ойынның мақсаты:**
Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.
**Ойын барысы:**
Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.
**Мысалы:** А-болса:
**Балалар:** алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу.
**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»
**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.
**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.
(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).
**Кел жазайық!**
**Шарты:** Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай, бастыру, бояу.



Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды,
Ақыл айтсақ, бұйырсақ.
Қуыршақтар ұқтайды,
Айтқаныңнан шықпайды.
Бұзау, қозы, құлыншақ
Ұйықта десең, ұқпайды.
Тыңдамайды ұрысса,
Осылары дұрыс па?
Тентектігін қоймаса,
Тұрғызамын бұрышқа.
(Н.Әлімқұлов).

**Д.О.** «Жалғасын тап»
**Ойынның мақсаты:** Сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдана білу және байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.
**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.
-Менің ойыншығым.... .
-Мен қуыршақпен.... .
-Менің ойыншықтарым.... .
-Менің добым.... .
-Мен досыма.... .
-Мен ойыншықтарымды.... .
(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).
**Сергіту сәті.** Саусаққа арналған жаттығу.
Добым, добым, домалақ,
Тоқтамайсың домалап.
Үстел үстін былдырдың,
Тәрелкені сындырдың.
Тентек болып кеттің деп,
Тұрмын сені тепкім кеп.
(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).
**Шығармашылық үзіліс.** «Менің сүйікті ойыншығым»
(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).
**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Дүкен»
**Ойынның мақсаты:** Ойыншықтар дүкені. Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту.

**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**
**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу.
Сурет бойынша әңгімелеу.
«Көңілді түлкі»



**2.Математика.**
**Уақытты бағдарлау.**
Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»





**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**
**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу.
Сурет бойынша әңгімелеу.
«Көгалдағы балапандар»



(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).

Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
**Ойын барысы:** Педагог түрлі себептермен дүкенге бару қажет екенін айтады. **Мысалы:** Айнұрдың туған күні. Біз дүкенге барып Айнұрға сыйлыққа ойыншық сатып алайық. (ойын осылай жалғасады).
(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, кимыл белсенділігі).
**Ән айту:** «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев.
(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).
**2.Қоршаған орта.**
Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы, үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс», немесе «дұрыс емес», «жақсы», «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.
Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.
**Қауіпсіздік мектебі. Мен үйдемін.**
Бөтен адам есік қағып тұр. Сен не істер едің?
.Үйде жалғыз қалған бала қандай қауіпке ұрынуы мүмкім?
**Есте сақта!**
.Терезенің торына сүйенбе, ол нашар орнатылған болуы мүмкім!
.Ашық тұрған терезеге жақындама!
.Балконның жақтауына асылып, орындық үстіне шығып төменге қарама!
.Балкон торының арасына басты сұғуға болмайды!
.Үлкендер жоқ кезде электр құралын пайдаланба!

**Д.О.** «Айырмашылығын тап»



**Д.О.** «Тышқанға көмектес»
Тышқан ірімшікке қалай жетеді?




**Д.О.** «Қандай сан жоқ?»



| | | | |
|---|---|---|---|
| | **2.Математика.**<br>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br><br>**Математикалық боямақ.**<br><br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті). | .Сіріңкемен ойнама!<br>.Газ плитаның үстінде қызып тұрған ыдысты ұстама!<br>**Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі.**<br>Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>.Мынау-балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқа шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды.<br>.Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды.<br>.Мынау-үтік. Оның шнурын тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады.<br>.Газ плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар-ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап немесе шүберек керек.<br>.Мынау-дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе.<br>-Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің?<br>-Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).<br>**Есте сақта!**<br>Арнайы қызмет телефон нөмерлерін есте сақта.<br>Жедел жәрдемнің нөмері-103<br>Өрт сөндіру қызметі-101<br>Полицияның нөмері-102<br>Арнайы құтқару қызметінің нөмері-112<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы).<br>**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.<br>-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: а-а-а-а.<br>-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр? | **Математикалық боямақ.**<br><br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>**Ән айту:** «Күшіктер санамағы»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Құрастыру.**<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырған құрлысы мен құрлыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»-деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті ұнатасың?<br>**Д.О.** «Төртіншісі артық»<br>Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар |

**Д.О. «Қандай сан жоқ?»**




(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті).

**Сергіті сәті.**

***Ән айту:*** «Санау әні»

(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).

**3.Көркем әдебиет.**

Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

**Мектепішілік кітапханаға сахат.**

«Кітап-сарқылмас рухани қазына»

**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты құрметтей білуге, ұқыпты ұстауға баулу.

**Жұмбақ шешейік.**

Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама.
(кітап).

-А дыбысы өтіп бара жатқанда Тыныимсыз Тіл не істеді?

-А дыбысы қандай дыбыс екен?

Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді.

-Бұл қуыршақтың аты-Мұрат.

Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.

**Д.О.** «Телефон»

**Ойынның мақсаты:** Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру.

**Ойын барысы:** Телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізеді. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей сыбырлап айтуы керек.

**Д.О.**«Балық аулайық»

**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.

**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.

**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»

**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.

**Ойын барысы:** Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.

(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті

**4.Музыка.**

**Ән айту.**

Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты, ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

**Ән айту:** «Біз-Отанның бөбегі»

(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).

**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «До-ре-ми»

**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы

аталған көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді.

-Камаз, Тайота, Жигули, Мерседес.

-Камаз артық. Өйткені ол-жүк тиейтін машина. Жигули, Тайота, Мерседес-жеңіл көліктер.

**Жұмбақтар шешейік.**

Төбесінде ебелек,
Ұшады өзі керемет.
(тікұшақ).

Арқасында ауыл жүр,
Ала тайым шауып жүр.
(автобус).

Күндіз-түні күрсінеді,
Жүрген жері сілкінеді.
(пойыз).

Тырылдап көкте инелік,
Инелік емес, үй делік.
(тікұшақ).

Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады.
Құсша қонады
(ұшақ).

Қос күрекпен еседі,
Су көлігі деседі.
(қайық).

**Д.О.** «Суретті жина»

**Ойынның мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Білімдерін толықтыру.

**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреті салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрін құрастырады.

**Д.О.** «Толықтыр»

**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы түсік беру, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. сөздік қорларын толықтыру.

**Ойын барысы:** Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырып айтады. Мысалы: Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус.

**2.Математика.**

Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтрды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»



**Математикалық боямақ.**



(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).

.Сіріңкемен ойнама!

.Газ плитаның үстінде қызып тұрған ыдысты ұстама!

**Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі.**

Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа.

**Суретпен жұмыс.**

.Мынау-балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқа шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды.

.Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды.

.Мынау-үтік. Оның шнурын тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады.

.Газ плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар-ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап немесе шүберек керек.

.Мынау-дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе.

-Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің?

-Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?

(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта).

**Есте сақта!**

Арнайы қызмет телефон нөмерлерін есте сақта.

Жедел жәрдемнің нөмері-103

Өрт сөндіру қызметі-101

Полицияның нөмері-102

Арнайы құтқару қызметінің нөмері-112

**3.Қазақ тілі.**

**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы).

**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»

**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.

**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.

-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: а-а-а-а.

-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?

**Математикалық боямақ.**



(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).

**Сергіту сәті.**

**Ән айту:** «Күшіктер санамағы»

(Математика негіздері-танымдық ойын іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).

**3.Құрастыру.**

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырған құрлысы мен құрлыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.

**Суретпен жұмыс.**

«Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»-деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.

-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?

-Өзің қандай көлікті ұнатасың?

**Д.О.** «Төртіншісі артық»

Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Кітап**-ең жақын дос. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді. Кітаптың бір бетін ашқан сайын сөйлейді. Оның әрбір беті тұнып тұрған ақыл. Кітаптан естімегенді білесің, көрмегенді көресің. Кітап ақылшы, серік дос. Кітапты оқып біліп қана қоймай, басқаға да сол кітаптың жақсылығын үйрете білсең, сен шын достықты өтегенің. Кітап-адамзаттың асыл қазынасы, сарқылмас білім бұлағы.<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Ертегілер елі»**<br>«Кітаптар мұңы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға ертегіні оқып түсінік беру. Сөздік қорларын дамытау, сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар жаңа ертегімен танысады, тыңдайды. (Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті),<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет!<br>Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>**«Футболшылар»** | бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға үнтаспадан таныс әндерді тыңдатады және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Балалар неге ол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, қандай ән және әннің не туралы екенін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті). | Егер сумен жүрсе-бұл...(су) көлігі. Олар: кеме, қайық, теплоход.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Құрастыру.**<br>**Шарты:** Ірі көлемді конструктор бөлшектерінен көлік түрлерін құрастыру. (Құрастыру-іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.<br>**Тамақтану мәдениеті.**<br>**Есте сақта!**<br>.Дастархан басына отырғанда қол таза болуы керек!<br>.Тамақты шайнағанда сөйлеуге болмайды!<br>.Аузыңды жауып, дыбысыңды шығармай шайна!<br>.Тамақ қалдығы мен нан қоқымын қолмен емес, арнайы шүберекпен сүртеді.<br>.Ортаға қойылған тамақты тек өз алдыңнан ғана алып же!<br>Дұрыс тамақтану адам денсаулығына өте пайдалы. Таңертеңгі асқа сұлы, күріш, қарақұмық, тары сияқты дәнді дақылдардың бірінен дайындалған ботқа жеу керек. Ботқаға жеміс-жидек, жаңғақ қосу оны пайдалы әрі дәмдірек етеді.<br>-Сендер қандай ботқаны жақсы көресіңдер?<br>-Үйде ботқаны өзің қалаған әдіспен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**Негізгі қимылдар:** Кеудеге арналған жаттығулар.<br>.Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру.<br>.Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.<br>.Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Зейінді боламыз»<br>**Мақсаты:** Балалардың зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:**<br>.Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру:<br>.Допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту.<br>**«Қи қоңыз»** ойын- жаттығуы.<br>**Ойынның мақсаты:** Еркін бағытты доптарды домалатуға жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Доптарды домалатып жүреді, доптарды қатты итермейді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | безндіріп көр.<br>.Ет, тауық, балық сорпасы пайдалы.<br>-Отбасында анаң қандай сорпа дайындайды?<br>-Сен және жақындарың қандай ыстық тамақты ұнатасыңдар? Әңгімелеп бер.<br>-Сорпадағы жуа, сәбіз, картопты теріп алып тастайтын балаға не деуге болады?<br>.Тамақ дайындайтын адамның еңбегін құрметте.<br>.Көкөніс салаты өте пайдалы. Салат дәмді болу үшін не қосып араластыруға болады?<br>**Есіңе сақта!**<br>.Көшеде жүріп тамақтанба!<br>.Түргеп жүріп тамақтанба? Ол ас қорыту үшін зиян.<br>.Тамақтанар алдында тәттілерді жеме!<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Пайдалы тағам»<br>**Шарты:** Бес пайдалы тағам түрін анықта. Олардың суретін сал.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Серуен** | №21 Жәндіктерді бақылау. | №13 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. | №14 Бақбақтың өсуін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Роман Дархан, Салпышева Раяна, Сегізбай Фатима мен жеке жұмыс. Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Салпышева Раяна және Ходжакулова Малика Асланқызы Аямен жеке жұмыс. Әңгімелерді бірізді айтып беруді үйрету. | Ізбасқан Әлихан және Қайрат Аянамен жеке жұмыс. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: Балаларға кітаптардан қызықты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні**: 13.05.-17.05. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Боямақ:** «Шалғындағы балапандар»<br>**Шарты:** Балалар дайын суреттерді бояйды. Сурет бойынша әңгімелейді. | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. | **Д.О.** «Тез-ақырын»<br>**Шарты:** Балалар жаңылтпаштарды тез және ақырын қайталап айтуы керек. | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды. | **Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Шарты:** Суреттегі заттардың дұрыс көлеңкесін тап. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Мамыр айының 3-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы таң ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам! | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын | **Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді) | **Шаттық шеңбері.**<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін. | **Шаттық шеңбері**<br>Амансың ба, Алтын Күн!<br>Амансың ба, Жер Ана! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайырлы таң, күннің нұры!, Қайырлы таң, достарым! | көрсете отырып **«Тамаша!»**- деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай? | -Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық. | Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін! | Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам! |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Есіңе сақта және суретін сал»<br>**Шарты:** Педагог бірнеше суреттерді тақтаға іледі. Балалар қарап шығып, суретті есіне сақтап алу керек. Есінде қалған суреттерді қағаз бетінде бейнелейді, сол бойынша сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Қай дыбыстан басталады?»<br>**Шарты:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Д.О.** «Пирамида»<br>**Шарты:** Педагог балаларға кез-келген сөзден сөз тіркесін сөйлем, мәтін немесе әңгіме құрастыруды ұсынады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>Мен ақылды баламын, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диологты бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға әдепті және сабырлы болу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз елді күншуақ.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Қойның толы жеміске,<br>Көк майсалы еністе.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(жаз).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>(жаз тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру).<br><br>-Көктем мезгілінен кейін қандай мезгіл болады?<br>-Жаз айларының басқа жыл мезгілдерінен қандай айырмашылықтары бар?<br>-Жазда балалар қайда шомылады?<br>-Төрт-түлік мал қайда жайылады? | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Нүктелерді қос.**<br>**Шарты:** Қағаз бетіндегі нүктелерді қосу арқылы, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диологты бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға әдепті және сабырлы болу.<br>**Миға шабул:**<br>-Айнала жап-жасыл түске еніп, түрлі-түсті гүлдер жайнап тұрған кездің жылдың қай мезгілі? Бұл қай кезде болады?<br>-Жаз несімен ұнайды?<br>-Жазда ауа-райы қандай болады?<br>-Денсаулығымызды шыңдау үшін жазда қандай шаралар жасаймыз?<br>-Жайлау дегеніміз не?<br>-Жайлауға не үшін барады?<br>-Жайлаудан қай кезде қайтады?<br>-Жайлауда кімдер тұрады?<br>-Жайлаудың көріністерін | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айтқан тілді аламын.<br>Пингвин болып жүремін,<br>Балық болып жүземін.<br>Құстай қанат қағамын,<br>Шатырға келіп қонамын.<br>Қиял-ғажайыпқа сенетін,<br>Мен ақылды баламын.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Д.О.** «Сенде осынша көрсет»<br>**Шарты:** Педагог бірнеше рет алақанын соғады. Балалар сонша жалаушаны көрсетеді.<br>**Д.О.** «Тез ойла»<br>**Шарты:** Педагог балаларға өзінің алдында, артында, оң және сол жағында нелер тұрғанын айтып беруді ұсынады.<br>**Д.О.** «Қанқызыны тап»<br>**Шарты:** Бізге егістіктен қанқыздары ұшып келді. Олар бір-біріне өте ұқсас. Барлығы оларды үнемі шатастырады. Олар өздерін бір-біріне ұқсамайтындай етіп жасауларын сұрайды. Оларға көмектесеміз бе? Әр бір қанқызында дақтары оң және сол қанатында бірдей болатындай жаса. Сол жақта неше дақ бар? Оң | -Жазғы демалыста қайда барасың?<br>-Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>**Бірге жаттайық!**<br>**Жаз.**<br>Жазым келді жарқылдап,<br>Қазым келді қаңқылдап.<br>Гүлге қонды көбелек,<br>Қос қанаты қалтылдап.<br>**Д.О.** «Жылдың қай мезгілі екенін тап»<br>**Шарты:** Педагог балаларға бірнеше суреттер береді, сол суреттердің ішінен жылдың қай мезгілі екенін тауып, әңгіме құрастыруды ұсынады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Алма пісті дегейсің.<br>Бағымызда ендеше,<br>Алма тарту көбейсін.<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Қарбыз пісті дегейсің,<br>Бақшамызға ендеше,<br>Қарбыз жинау көбейсін.<br>**Тыныштық сәті:**<br>-Қане, балалар, бір сәт тыныштық сақтап, өзімізді табиғат аясында тұрмыз деп елестетейік. Мейірімді күн шуағы көгілдір көлге шағылысып, жалт-жұлт етеді. Енді сендер суға шомылып, ыстықтағанды басыңдар. Қандай рақат, көңіліміз жайланып, көтеріліп қалды.<br>-Енді осы елестеткен, ойлаған ойларыңмен бөлісейік.<br>Балалар жаз мезгілі туралы өз ойларын айтады.<br>**Жаз мезгілі**-жылдың ең қызықты кезі. Балалар жазғы демалысқа шығады, суға | бейнені анықтап, атын атау.<br><br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Ертегілер елінде**<br>«Сандардың айтысы» (балаларды жаңа ертегімен таныстыру).<br>**Санау әні.** Үнтаспа.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Педагог сандарды ретімен қояды, балалар көздерін жұмған сәтте бір цифрды алып тастайды. Балалар қай санның жоқ екенін табады.<br>**Д.О.** «Сипап сезу арқылы санау»<br>**Шарты:** Педагог үстел үстіне орамалмен жабылған заттардың екі тобын қояды. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолымен ұстап, сипап сезіп санау арқылы анықтайды. | суреттей аласыңдар ма?<br>-Жаздың келбетін қандай түспен бояуға болады?<br>-Жайлауда қандай жануарлар болады?<br>-Олардың төлдерін қалай атаймыз?<br>**Бірге жаттайық!**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Жайдарлы жаз» (сурет салу).<br>Балаларды топқа бөлу:<br>**1-топ** жаз мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ** жаз мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Жемістерді ата»<br>Жемістерді танып, білу және дәмін ажырата білуге үйрету.<br>**Шарты:** Суреттегі жемістерді ата. Олардың дәмі қандай? Лимон, құлпынай, банан. Өзің білетін жемістер мен көкөністердің дәмі туралы айт.<br>Балаларды үш топқа | жаз.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Көгалдағы балапандар»**<br><br>**Сергіту сәті:** «Көңілді балапандар»<br>Балапандар басады,<br>Аяқтарын топ-топ,<br>Топ-топ, топ-оп.<br>Аяқтары шаршаса,<br>Қанаттарын қағады<br>Шарт, шарт, шарт!<br>Содан кейін отырып,<br>Әсем биді билейді<br>Шиқ-шиқ, шиқ-шиқ!<br>Олар қашса егер де,<br>Ұстай алмас ешкім де!<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
